

DOI 10.52260/2304-7216.2024.2(55).2  
ӨЖ 330.12, 331.5.024.5  
GTAMP 06.52.17

М.С. Нұғманова\*, э.ғ.к., қауымд. профессор<sup>1</sup>

А.В. Липовка, PhD, қауымд. профессор<sup>2</sup>

Б.Е. Жарлғасова, магистр<sup>3</sup>

Гендерлік экономиканы зерттеу орталығы,  
Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Алматы менеджмент университеті, Алматы қ., Қазақстан<sup>2</sup>

Esil University, Астана қ., Қазақстан<sup>3</sup>

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: maigul.nugmanova@narхоз.kz

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҮТІМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІЛЕРІ: ҮШ ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР КҮТІМІ

Осы зерттеу жұмысы Қазақстандағы күтім экономикасының ең аз дамыған саласы, сонымен қатар әйелдерді жұмыспен қамтуды арттыру және ел экономикасының өсуі үшін маңызды болып табылатын 3 жасқа толмаған балаларға күтім көрсету жүйесін талдауға бағышталған. Қазақстандағы бала күтімі бойынша жасалған зерттеулер, сондай-ақ бала күтімін дамыту жөніндегі үкіметтік іс-шаралар 3 жастан асқан балаларға арналған мекемелік бала күтімі қызметтеріне назар аударады. Зерттеу барысында қалалар мен ауылдарда орналасқан 500 үй шаруашылықтары арасында 3 жасқа толмаған балаларға негізгі күтім көрсететін тұлғаларға сауалнамалар және мектепке дейінгі білім беру саласындағы мамандармен сұхбаттар жүргізілді. Қазақстандағы бала күтімі туралы бастапқы және қайталама деректерді талдау нәтижесінде елдегі күтімнің басым түрлері, үй шаруашылықтарында бала күтімінің алуан түрлерінің таралуы мен таңдалу себептері, сондай-ақ бала күтімін жүзеге асыратын тұлғалардың қажеттіліктері анықталды. Осы зерттеу Қазақстанда 3 жасқа толмаған балаларға күтім көрсету саласының дамымағандығын және осы саланы жетілдірудің тиімді саясатын анықтау үшін ең алдымен күтім бойынша қызметтерге сұраныс пен артықшылықтардың және балаларға күтім көрсететін тұлғалар қажеттіліктерінің талдалуы қажет екендігін көрсетті. Авторлар бала күтімін жақсарту стратегиялары үй жағдайында көрсетілетін ақылы және ақысыз күтімді, сондай-ақ үш жасқа толмаған балаларға үй жағдайында ақысыз күтім көрсететін тұлғалардың негізгі қажеттіліктері ескерілуі қажеттігімен келіседі. Алынған нәтижелер мен ұсынымдар қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келетін шешімдер қабылдауды қолдау, жоғары сапалы деректер мен бала күтімі саласындағы объективті көрсеткіштерді алу және осы саланы қаржыландырудың қажетті көлемін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл үш жасқа толмаған балаларға күтім көрсету саласын жетілдіріп, нәтижесінде гендерлік теңдіктің ілгерілуі мен елдің экономикалық өсуіне ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** бала күтімі, күтім экономикасы, гендерлік экономика, ақы төленбейтін күтім, мекемелік күтім, ақы төленетін күтім, Қазақстан.

**Ключевые слова:** уход за детьми, экономика ухода, гендерная экономика, неоплачиваемый уход, институциональный уход, оплачиваемый уход, Казахстан.

**Keywords:** childcare, care economy, gender economics, unpaid care, institutional care, paid care, Kazakhstan.

**Кіріспе.** Дамыған бала күтімі жүйесі әйелдердің уақытын үнемдеп, ресми жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады және әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Бүкіл әлемдегідей Қазақстанда да сапалы бала күтіміне қолжетімділікті қамтамасыз ету және әйелдерді жұмыспен қамту өзекті мәселеге айналды [1]. Қазақстандағы туу деңгейінің жоғарылығы (2021 жылы 1 мың адамға шаққанда 21,5, 2022 жылы – 20,5) [2] бала күтімі қызметтеріне сұраныстың артуына ықпал етіп, күтім жүйесінде тиімді саясат жүргізуге шақырады. Қазақстандағы бала күтімі жүйесі мекемелік күтімнен, сондай-ақ үй жағдайында көрсетілетін ақылы және ақы төленбейтін күтімнен тұрады. 3 жастан асқан балаларға қатысты мекемелік күтім мен мектепке дейінгі білім беруді дамыту Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады және ол Қазақстанның 2050 жылға дейінгі «Қазақстан-2050» даму стратегиясында [3], Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамыту бағдарламасында [4] көрініс тапқан. Дегенмен, 3 жасқа толмаған балаларға күтім жасау, оның ішінде мекемеде көрсетілетін күтім, сондай-ақ ақылы және ақысыз көрсетілетін үй күтімі көзден таса қалуда. Сонымен қатар, елде үш жасқа толмаған балаларға күтім көрсету қызметтеріне сұранысты, күтім түрлеріне артықшылықтар берілуін және үйде ақысыз күтім көрсетушілердің негізгі қажеттіліктерін анықтау үшін үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізілген жоқ. Мұндай талдау халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын

бала күтімі жүйесін жетілдіру стратегияларын даярлау, объективті көрсеткіштер мен бала күтімі секторына қажетті нақты бюджетті анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бұл зерттеудің мақсаты 3 жасқа дейінгі балаларға күтім көрсету қызметтерін жетілдіру жолдарын анықтау болып табылады. Осыған байланысты келесідей мәселелер шешілмек: 3 жасқа дейінгі балаларға күтім көрсету қызметтеріне халықтың артықшылықтар беруі мен сұранысын және осы жас санатындағы балаларға негізгі күтім көрсететін тұлғалардың қажеттіліктерін анықтау, сондай-ақ зерттеу нәтижелері негізінде халықтың сұранысын, қажеттіліктерін және қалауларын ескере отырып, бала күтімі жүйесін дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

*Әдістеме.* Зерттеу барысында қалалар мен ауылдарда орналасқан 500 үй шаруашылықтары арасында 3 жасқа толмаған балаларға негізгі күтім көрсететін тұлғаларға сауалнамалар және мектепке дейінгі білім беру саласындағы мамандармен тереңдетілген сұхбаттар жүргізілді. Сауалнама 2022 жылдың жазында жеке құрылымдық сұхбат әдісі арқылы жүргізілді. Осы мақсатта арнайы құрылымдық сауалнамалар әзірленді. Авторлар іріктеме жасау үшін жентек қар әдісін қолданды. Кішкентай балалары бар алғашқы респонденттерді анықтау үшін әкімдіктердің және/немесе әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің ұсыныстары қолданылды. Алғашқы респонденттер келесі респонденттерді ұсынды, соның арқасында табысы аз және жұмыссыздар кіретін алуан түрлі әлеуметтік топтар да қамтылды. Зерттеу Алматы, Астана, Қарағанды және Павлодар қалаларында, сондай-ақ олармен іргелес және шалғайда орналасқан ауылдық елді мекендерде жүргізілді. Жабық және ашық сұрақтар қолданылды. Ашық сұрақтар кодтаусыз сапалы түрде талданды. Жабық сауалнама сұрақтары IBM SPSS Statistics талдау пакетінде деректерді енгізу, кодтау және өңдеу арқылы жүргізілді. Ағарту министрлігінің өкілдері, жергілікті билік органдары және бала күтімімен айналысатын ұйымдармен жүргізілген тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері респонденттердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жеке тұлғаларды немесе отбасыларды анықтамайды, олар тек жиынтық түрінде ұсынылған.

**Әдебиеттік шолу.** Бүкіл әлемде әйелдерге төленетін жалақының теңсіздігі, кәсіптік сегрегация және мансаптық өсу жолындағы кедергілерге қатысты еңбек нарығындағы гендерлік кемсітушілік мәселесі [5, 6] гендерлік экономика мамандарымен әйелдердің үй шаруасындағы ақы төленбейтін жұмысы мен отбасында көрсетілетін ақысыз күтімнің қарқындылығы себептерімен байланыстырыла қарастырылады [7, 1].


Күтім көрсету экономикасының мәселелері барған сайын шетелдік экономистер зерттеулерінің назарына ілігуде. Фолбре «күтім» түсінігіне анықтама беріп, күтімге мұқтаж адамдарға күтім көрсетуге тікелей жеке қатысуды білдіретін «тікелей күтім», мысал ретінде тамақтандыруды алуға болады; сондай-ақ қалай болғанда да күтімге зәру тұлғаларға қатысты «жанама күтім» түсініктерін айыра көрсетеді, оған мысал ретінде тазалау және кір жууды алуға болады [8]. Көптеген зерттеулер бала күтіміне, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға жұмсалатын шығындардың, сонымен қатар жалақы деңгейінің аналардың жұмысқа орналасу туралы шешімдеріне және жалпы экономикалық өсуге қалай әсер ететінін бағалауға арналған [9, 10]. Қазақстандағы бала күтіміне қатысты зерттеулер 3 жастан асқан балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбиені қарастырумен көбірек байланысты. Үш жасқа дейінгі бала күтімі қазақстандық ғалымдардармен еленбеген, еліміздегі нашар дамыған саланың бірі болып тұр.

**Негізгі бөлім.** Үкімет күтім қызметтерін институцияландыруды кеңейту бойынша жеке секторды қызмет көрсетуге тарту, мектепке дейінгі білімге (МДБ) инвестицияларды арттыруды көздейтін «Балапан» бағдарламасын дамыту; МДБ мекемелерінің жаңасын салу және бұрын жекешелендірілгендерді мемлекет меншігіне алу, лицензиялауды жою, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті енгізу және т.б. секілді бірқатар тиімді шараларды қабылдады. Алайда бүгінгі таңда күтім көрсету қызметтерінің тапшылығы мен оның сапасының төмендігі мәселелері шешілмей отыр [11].

Күтім көрсету қызметіне сұранысты, күтім түрлеріне артықшылықтар беру және аталған жастағы балаларға үй жағдайында негізгі күтім көрсететін тұлғалардың басты қажеттіліктерін анықтау үшін үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша отбасындағы бала күтімінің барлық ауыртпашылықтары әйелдерге жүктелетіні анықталды, өйткені барлық респонденттердің немесе негізгі күтім көрсететін тұлғалардың 98%-ы әйелдер болып шықты. Олардың көпшілігі тұрмыс құрған. Респонденттердің 57,4%-ы қалада, 42,6%-ы ауылдық жерлерде – оның ішінде 19,2%-ы іргелес ауылдарда, 23,4%-ы шалғай ауылдарда тұрады.

Зерттеу жүргізу кезінде (2022 жылдың жазы) мемлекеттік және жекеменшік мекемелерді қоса алғанда, отбасылар 3 жастан асқан балаларға арналған балабақшаларға орташа есеппен айына шамамен 80 071 теңге жұмсады. Кішкентай бүлдіршіндерге арналған балабақшалардың құны 2,5 есеге айтарлықтай жоғары және орташа есеппен 192 997 теңгені құрады, мұның себебі осы жас тобына арналған мемлекеттік балабақшалардағы орындардың шектеулі болуына байланысты балалардың көпшілігі жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына баратындығы. Күтушіге кеткен шығындар жүзіндегі үй жағдайындағы ақылы күтім орташа есеппен 250 625 теңгені құрады, бұл елдегі орташа номиналды жалақыға шамамен сәйкес келіп, 2022 жылғы 204 172 теңгегі құрайтын медиандық жалақыдан асып түсті және зерттелген 298 үй шаруашылықтарының 298 700 теңгені құрайтын орташа айлық табысынан сәл ғана төмен болды (1-сурет).



1-сурет. Бала күтімі бойынша қызмет көрсетуге кеткен орташа шығындар, теңге\*

\* Сауалнама деректері негізінде авторлармен құрастырылған

Респонденттердің 60%-ға жуығы жұмыспен қамтылған, олардың көпшілігі – жалдамалы қызметкерлер, ал 34%-ы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Өзін-өзі жұмыспен қамту әйелдердің негізгі жұмыс орнына байланып қалмау және ақылы жұмысты бала күтімімен ұштастыру үшін мәжбүрлі шара болып табылады.

Респонденттердің жұмыс істемеуі немесе жұмыс іздемеуінің негізгі себебі ақылы жұмысты бала күтімі міндеттерімен үйлестіре алмауында екені анықталды (2-сурет). Оның үстіне шалғай ауыл тұрғындары өз мекендерінде ақылы жұмыстың жоқтығын атап өтті.




2-сурет. Неге Сіз жұмыспен қамтылмағансыз?\*

\* Сауалнама деректері негізінде авторлармен құрастырылған

Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі ғана 3 жасқа толмаған балаларын, егер осы жас санатындағы балалар үшін мекемелер болса, балабақшаға беруге дайын, және олардың 57,6%-ы балаларын балабақшаға бергісі келулерінің негізгі себебі – жұмысқа шығуға мүмкіндік деп жауап берді.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі балаларын балабақшаға бергісі келмейді, бұл бірінші кезекте балабақшалар көрсететін қызмет сапасының төмендігімен, сондай-ақ кішкентай балаларды үйде тәрбиелеу керек деген наныммен байланысты (3-сурет). Сонымен қатар респонденттердің 9%-ға жуығы үй шаруашылығы табысының төмендігіне байланысты балабақшаларға төлей алмайтындықтан, мекемедегі күтім қызметтерін пайдаланғысы келмейді, ал үш жасқа толмаған балаларға арналған балабақшалардағы орындар негізінен жеке ұйымдармен қамтамасыз етіледі (3-сурет).



3-сурет. Неге 3 жасқа толмаған балаңызды балабақшаға бергіңіз келмейді\*

\* Сауалнама деректері негізінде авторлармен құрастырылған

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 19,1%-ы ғана бүлдіршіндері балабақшаға барады деп жауап берген. Кішкентай балалардың көпшілігі үйде тәрбиеленеді. Сондықтан бала күтімін жақсарту стратегиялары сонымен қатар үй жағдайында көрсетілетін ақысыз және ақылы күтімге де назар салулары керек.

Үш жасқа толмаған балаларға үй жағдайында күтім көрсететін сауалнамаға қатысқандардың 92%-ы балаларына тиісті күтімді қамтамасыз ету үшін әртүрлі жәрдемақылар мен әлеуметтік көмектер түріндегі қолдауға мұқтаж екенін атап өтті (4-сурет).


Респонденттердің жауаптары негізінде отбасындағы балаларға ақысыз күтім көрсететін тұлғалардың негізгі қажеттіліктері анықталды. Олардың қатарына: ана мен бала күтімі бойынша жәрдемақылардың өсуі (респонденттердің 92%); тамақ, гигиена, киім-кешек, оқу және даму шығындарын есепке алатын әрбір балаға бөлек жәрдемақы енгізу (46,3%); әлеуметтік қызметкерлердің тікелей көмегіне немесе қолдауына мұқтаждық (25,9%) кірді. Сондай-ақ аналардың қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі мен икемді жұмыс кестесі, 3 жасқа толмаған балалар үшін балабақшалардың болуы да атап өтілді.

Сауалнамаға қатысқандардың 10%-ға жуығы әкелерді бала тәрбиесіне қатысуға ынталандыру үшін бала күтіміне байланысты демалыс кезінде әкелерге берілетін жәрдемақы мөлшерінің, сондай-ақ демалыс ұзақтығының ұлғайтылуын қалайды. Қазақстан әкелерге бала күтіміне байланысты демалысқа шығу мүмкіндігін заңнамалық түрде берсе де, ақылы еңбек демалысы баланың анасына беріле алмайтын табысталмайтын әкелік квотаны бекіткен жоқ. Әкелік квотаны енгізу үй шаруашылығында ақысыз жұмысты мейлінше тең бөлу мен гендерлік теңдікті ілгерілету үшін маңызды қадам болып табылады.



4-сурет. 3 жасқа толмаған балаларға үй жағдайында күтім жасайтын тұлғалардың толыққанды күтім көрсету үшін қажетті қолдау түрлері\*

\* Сауалнама деректері негізінде авторлармен құрастырылған



5-сурет. Бір аптада әр түрлі күтім түрлері бойынша бала күтіміне жұмсалған орташа уақыт (сағат және % %)\*

\* Сауалнама деректері негізінде авторлармен құрастырылған

Сауалнама нәтижелері 3 жасқа толмаған балаларға күтім жасауға бір аптада күтім түріне байланысты жұмсалған орташа уақыты (5-сурет, сағатпен – көк түспен белгіленген; пайызбен, күтімге жұмсалған жалпы уақыт сағатының үлесімен – қызғылт сары түспен белгіленген) анықтауға мүмкіндік берді. Бұл күтімнің алуан түрлерінің халық арасына таралғандығы мен артықшылықтар беруін суреттеуге мүмкіндік береді. 5-суреттен үш жасқа толмаған балаларға күтім жасауға жұмсалған жалпы уақыттың 80%-дан астамын ақысыз күтім құрайтынын, ал уақыттың 12,4%-ы мекемедегі күтімге тиесілі екендігін байқауға болады. Респонденттердің өте аз бөлігі үй жағдайында балаларға көрсетілетін ақылы қызметтерді пайдаланады. Сонымен қатар респонденттердің 70%-ға жуығы ақылы күтуші қызметтерін пайдаланғылары келеді, алайда отбасылық бюджеттің жеткіліксіздігінен олардың ақысын төлей алмайды.

**Қорытынды.** Осы зерттеу Қазақстанда 3 жасқа толмаған балаларға күтім көрсету саласының дамымағандығын және осы саланы жетілдірудің тиімді саясатын анықтау үшін ең алдымен күтім бойынша қызметтерге сұраныс пен артықшылықтардың және балаларға күтім көрсететін тұлғалар қажеттіліктерінің талдалуы қажет екендігін көрсетті.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша балаларға күтім көрсететін мекемелердің тапшылығы мен олардың сапасының төмендігі елімізде кіші жастағы балалар күтімі саласының негізгі проблемасы болып табылатыны және осы жастағы балаларға арналған мекемелік қызметтерге сұраныстың төмен болуының негізгі себептері екені анықталды. Респонденттердің аз ғана бөлігі (19,1%) бүлдіршіндері балабақшаға барады деп жауап берсе, ал одан да аз бөлігі (5,2%) күтуші жалдауға мүмкіндігі бар деп жауап берді. Осылайша, кішкентай балалардың көпшілігі үйде тәрбиеленеді. Сондай-ақ, респонденттердің 29,6%-ы балаларды отбасында тәрбиелеуді дұрыс деп санайтынын да ескеру қажет. Сондықтан бала күтімін жақсарту стратегиялары үй жағдайындағы ақылы және ақы төленбейтін күтімді қолдауға арналған шараларды қамтуы тиіс.

Респонденттердің барлығы дерлік (92%) үй жағдайында көрсетілетін күтімге берілетін мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы түрлеріне қанағаттанбайды және азық-түлікке, гигиенаға, киім-кешекке, балаларды оқытуға және дамытуға кететін нақты шығындарды ескере отырып, толыққанды күтімді қатамасыз ете алатын жәрдемақылар мен әлеуметтік көмектерді көбейтуді қалайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша бала күтімі саласын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар әзірленді:

- үй жағдайында күтім көрсететін тұлғаларға ақысыз және ақылы қолдау көрсету; олардың күнделікті қажеттіліктеріне, сондай-ақ үй шаруашылығының көлемі мен құрамына сәйкес келетін жеңілдіктер, төлемдер және жәрдемақылармен қамтамасыз ету;

- күтім көрсету секторына салынатын мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту;

- тамақтану, гигиена, киім-кешек, балаларды оқытуға және дамытуға кететін нақты шығындарды ескере отырып, толыққанды күтімді қамтамасыз ете алатын жүктілік және босану, бала күтімі бойынша жәрдемақылардың мөлшерін арттыру;

- 3 жасқа толмаған балаларға арналған мекемелік күтім қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- қызмет көрсету сапасын арттыру және МДБ ұйымдары үшін бірыңғай сапа стандарттарын енгізу;

- әке квотасын енгізуді қоса алғанда, үй шаруашылығындағы ақысыз жұмыс пен күтімнің ауыртпалығын теңестіруге мүмкіндік беретін қолайлы нормативтік-құқықтық орта құру;

- күтім көрсету және оқыту саласында бейресми жұмыспен қамтуды ресімдеу, үй жағдайында қызмет көрсету саласында ресми жұмыс істейтіндердің еңбекақы төлеу шарттарын және еңбек жағдайларын жақсарту;

- халықтың аз қамтылған бөлігінің әл-ауқатын жақсарту және олардың күтім қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- күтім қызметтерін тұтынушылардың жеткізушіні өздері таңдауы үшін күтім қызметтерін көрсететін мекемелерді ваучерлік қаржыландыру жүйесін енгізу. Бұл қызмет көрсетушілер арасында бәсекелестік тудырып, сапаны жақсартады;

- ұлттық деңгейде халықтың күтім қызметтеріне деген қажеттіліктерін, үй жағдайында қызмет көрсететін тұлғалардың қажеттіліктерін тексеру, талдау және бағалау.

Алынған нәтижелер мен ұсынымтар қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келетін шешімдер қабылдауды қолдау, жоғары сапалы деректер мен бала күтімі саласындағы объективті көрсеткіштерді алу және осы саланы қаржыландырудың қажетті көлемін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл үш жасқа толмаған балаларға күтім көрсету саласын жетілдіріп, нәтижесінде гендерлік теңдіктің ілгерілуі мен елдің экономикалық өсуіне ықпал етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Care work and care jobs for the future of decent work (Geneva) [Electronic resource] // International Labor Organization. – 2018. – 526 p. – URL: <https://www.ilo.org/publications/major-publications/care-work-and-care-jobs-future-decent-work>.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. 2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы демографиялық жағдай туралы [Электронды ресурc]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/o-demograficheskoy-situatsii-za-yanvar-dekabr-2023-goda/>.

3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, желтоқсан, 2012 жыл [Электронды ресурc]. – URL: [http://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs).

4. Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20392?lang=ru>.

5. Feng Z., Savani K. Covid-19 created a gender gap in perceived work productivity and job satisfaction: Implications for dual-career parents working from home // *Gender in Management: An International Journal*. – 2020. – Vol. 35. – P. 719-736.

6. Bolotnyy V., Emanuel N. Why Do Women Earn Less Than Men? Evidence from Bus and Train Operators // *Journal of Labor Economics*, University of Chicago Press. – 2022. – Vol. 40(2). – P. 283-323.

7. Geist C. Men’s and Women’s Reports about Housework. In *Dividing the Domestic* // Stanford University Press. – 2019. – P. 217-240. – DOI: 10.2307/j.ctvqsd20.16.

8. Folbre N. Developing Care: Recent Research on the Care Economy and Economic Development [Electronic resource]. – 2018. – URL: <https://idl-bnc-idrc.dspacedirect.org/items/38ae70c6-46ca-46c2-ad38-59524d9f6fc9/full>.

9. Kim K., Ilkkaracan I., Kaya T. Investing in Social Care Infrastructure and Employment Generation. A Distributional Analysis of the Care Economy in Turkey // *Journal of Policy Modelling*. – 2019. – Vol. 41(6). – P. 1210-1229.

10. Braunstein E. Care and the Macroeconomy // *The Routledge Handbook of Feminist Economics*. Edited by Günseli Berik and Ebru Kongar. – 2021. – P. 351-359.

11. Meurs M., Nugmanova M., Salimzhanova A., Marvin S. Gender regime and women’s employment in Kazakhstan // *Comparative Economic Studies*. – 2021. – Vol. 63. – P. 603-622. – DOI: 10.1057/s41294-021-00173-0.

## REFERENCES

1. Care work and care jobs for the future of decent work (Geneva) [Electronic resource] // International Labor Organization. – 2018. – 526 p. – URL: <https://www.ilo.org/publications/major-publications/care-work-and-care-jobs-future-decent-work>.

2. Kazakstan Respublikasy Strategijalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ultyk statistika bjyrosy. 2023 zhylyg kantar-zheltoksandagy demografijalyk zhagdaj turaly [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. About the demographic situation in January-December 2023] [Elektrondy resurs]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/o-demograficheskoy-situatsii-za-yanvar-dekabr-2023-goda/> [in Kazakh].
3. «Kazakstan – 2050» Strategijasy, zheltoksan, 2012 zhyl [«Kazakhstan – 2050» Strategy, December, 2012] [Elektrondy resurs]. – URL: [http://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs) [in Kazakh].
4. Kazakstan Respublikasynyn bilim men gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy, Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2019 zhylyg 27 zheltoksandagy № 988 kaulysy [State program of the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025, Resolution No. 988 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019] [Elektrondy resurs]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20392?lang=ru> [in Kazakh].
5. Feng Z., Savani K. Covid-19 created a gender gap in perceived work productivity and job satisfaction: Implications for dual-career parents working from home // *Gender in Management: An International Journal*. – 2020. – Vol. 35. – P. 719-736.
6. Bolotnyy V., Emanuel N. Why Do Women Earn Less Than Men? Evidence from Bus and Train Operators // *Journal of Labor Economics*, University of Chicago Press. – 2022. – Vol. 40(2). – P. 283-323.
7. Geist C. Men’s and Women’s Reports about Housework. In *Dividing the Domestic* // Stanford University Press. – 2019. – P. 217-240. – DOI: 10.2307/j.ctvqsdr20.16.
8. Folbre N. Developing Care: Recent Research on the Care Economy and Economic Development [Electronic resource]. – 2018. – URL: <https://idl-bnc-idrc.dspacedirect.org/items/38ae70c6-46ca-46c2-ad38-59524d9f6fc9/full>.
9. Kim K., Ilkkaracan I., Kaya T. Investing in Social Care Infrastructure and Employment Generation. A Distributional Analysis of the Care Economy in Turkey // *Journal of Policy Modelling*. – 2019. – Vol. 41(6). – P. 1210-1229.
10. Braunstein E. Care and the Macroeconomy // *The Routledge Handbook of Feminist Economics*. Edited by Günseli Berik and Ebru Kongar. – 2021. – P. 351-359.
11. Meurs M., Nugmanova M., Salimzhanova A., Marvin S. Gender regime and women’s employment in Kazakhstan // *Comparative Economic Studies*. – 2021. – Vol. 63. – P. 603-622. – DOI: 10.1057/s41294-021-00173-0.

**Нугманова М.С., Липовка А.В., Жарлгасова Б.Е.**

## **ГЕНДЕРНЫЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИКИ УХОДА В КАЗАХСТАНЕ: УХОД ЗА ДЕТЬМИ МЛАДШЕ ТРЕХ ЛЕТ**

### **Аннотация**

Данное исследование посвящено анализу системы ухода за детьми до 3 лет в Казахстане, как наименее развитому направлению экономики ухода в стране, но при этом имеющим важное значение для повышения занятости женщин и экономического роста страны. Существующие исследования по уходу за детьми, а также правительственные меры по развитию сферы ухода за детьми в Казахстане, фокусируются на институциональных услугах за детьми старше 3 лет. В ходе исследования был проведен опрос среди 500 домохозяйств из городов и сел с лицами, предоставляющими основной уход за детьми до 3 лет и интервью с экспертами в сфере дошкольного образования. В результате анализа первичных и вторичных данных по уходу за детьми в Казахстане были определены приоритетные виды ухода в стране, причины распространенности и выбора домохозяйствами различных видов детского ухода, а также потребности лиц, предоставляющих основной уход за малышами на дому. Данное исследование продемонстрировало, что сфера ухода за детьми до 3 лет в Казахстане не развита, и для определения эффективных политик по совершенствованию данной сферы необходимо прежде всего провести анализ спроса и предпочтений в услугах по уходу, потребностей лиц, предоставляющих уход. Авторы соглашаются, что стратегии по совершенствованию ухода за детьми должны принять во внимание и уход, предоставляемый дома, как неоплачиваемый, так и оплачиваемый, а также основные потребности лиц, предоставляющих неоплачиваемый уход за детьми до трех лет на дому. Полученные результаты и рекомендации могут быть использованы для поддержки принятия решений, соответствующих потребностям общества, для получения качественных данных и определения объективных индикаторов по

сфере ухода за детьми и необходимых объёмов финансирования данной сферы. Это способствует совершенствованию сферы ухода за детьми до трех лет, и, как следствие, продвижению гендерного равенства и экономического роста страны.

**Nugmanova M., Lipovka N., Zhargassova B.**

**GENDER ASPECTS OF THE CARE ECONOMY IN KAZAKHSTAN:  
CARE FOR CHILDREN UNDER THREE YEARS OLD**

**Annotation**

This study is devoted to the analysis of the care system for children under 3 years of age in Kazakhstan, as the least developed area of the care economy in the country, but at the same time important for increasing women's employment and economic growth of the country. Existing research on child care, as well as government efforts to develop child care in Kazakhstan, focus on institutional child care services for children over 3 years of age. The study included a survey among 500 households from cities and villages with persons providing primary care for children under 3 years of age and interviews with experts in the field of preschool education. As a result of the analysis of primary and secondary data on child care in Kazakhstan, the priority types of care in the country, the reasons for the prevalence and choice of various types of child care by households, as well as the needs of persons providing primary care for children at home were identified. This study demonstrated that the area of care for children under 3 years of age in Kazakhstan is not developed, and in order to determine effective policies to improve this area, it is necessary, first of all, to analyze the demand and preferences for care services, the needs of care providers. The authors agree that strategies to improve child care must take into account both unpaid and paid care provided in the home, as well as the basic needs of those providing unpaid home care for children under three years of age. The results and recommendations obtained can be used to support decision-making that meets the needs of society, to obtain high-quality data and determine objective indicators in the field of child care and the required amount of funding for this area. This helps to improve the provision of care for children under three years of age, and, as a result, promote gender equality and economic growth of the country.

